

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№453**

**2019 жылғы 17 шілде**

**Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі О.С.Оразалиннің есебі туралы**

Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі О.С.Оразалиннің есебін тыңдап және талқылап, облыс әкімінің аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдап жатқандығын облыстық мәслихат атап өтеді.

«Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі О.С.Оразалиннің есебі бекітілсін.

2. Облыс әкіміне келесідей бағыттар:

- 1) экономиканың экономикалық өсуін қамтамасыз ету;
- 2) халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру;
- 3) бюджетке түсімнің төмендеуіне жол бермеу;
- 4) өңірге инвестицияларды тарту;
- 5) шағын және орта бизнесті дамытуды жан-жақты қолдау;
- 6) агроөнеркәсіп кешенін дамыту;
- 7) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасымен және "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен қарастырылған іс-шараларды іске асыру;
- 8) инфрақұрылымдық жаңарту;
- 9) әлеуметтік-маңызды тауарларға бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу;
- 10) әлеуметтік салада мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.

3. Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдеріне, облыстық басқармалардың басшыларымен және басқа да мүдделі органдармен бірге, облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласын одан әрі дамыту, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

**Сессия төрағасы,  
облыстық мәслихаттың  
хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**